

Бекітемін: 
№29 “Ай-Керім” бөбекжай
бақшасының меңгерушісі:
К.К. Сейдалиева

Аяулы анашым



“Балдырған” ортаңғы топ

Тәрбиешілері: Жұмабаева А.Б.
Дүкенбаева А.А.

« Аяулы анашым »

Әжеге бас иеміз!

Сенен өскен балалар -

Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен

Құрметті ата-аналар!

Жүргізуші: Қымбаттыда ардақты, аяулы әжелер, аналар құрметті көктемдей құлпырған қыздар! Гүл көктем, ару көктем, күн көктем! Сіздерге әлемнің нұрын, өмірдің гүлін, көктемнің шуағын тілейміз! Мына жарық дүниенің мәніде, сәніде сіздерсіздер! Біздің балапандарымыздың сіздерге арналған «Аяулы анашым» атты ертеңгілігімізді қабыл алыңыздар!

Ән: «Ақ дидарлы анашым»

Залға көңілді ән-күймен ұлдар кіреді, содан кейін қыздар кіреді, билеп, бір рет шеңберді айналып ұлдарға қарама-қарсы тұрады. Ұлдар бір-бірден барып қыздардың қолынан ұстап отырғызады. Содан кейін өздері отырады.

Жүргізуші:

Балалар қалай ойлайсыңдар, бүгін қандай мереке?

Балалар ең асыл жан кім? -Ана

Қызығыңды, бұзығыңды көтеретін кім? -Ана

Үнемі жаныңда періштедей қорғап, демеу беретін кім? -Ана

Сонымен бүгін қандай мейрам? -Аналар

Осындай үлкен мейрамда аналардың жүзіне қуаныш сыйлағымыз келе ме?

-Иә

Ақ анашым, әппағым.

Өзің жайлы тақпағым.

Арналады сіздерге

Бар баланың тақпағы,- дей отыра сіздерге арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Ақбаян:

Наурыздың сегізі,

Сұлулықтың негізі,

Әдемі сөзі баланың

Анаға айтар лебізі

Мансур:

Еркелесе күлімдейтін,
Ұрысқаны білінбейтін.
Маңдайынан сипап мені,
Құлыншағым, күнім дейтін.

Каусар:

Әлпештеген, аялаған,
Ақ сүт берген апатайым.
Сәлем жазып бүгін саған,
Мейрамыңмен құттықтаймын.

Абдұрашид:

Үн қатасың бал тілмен
Еркелеймін әр күн мен
Құттықтаймын анашым
Сегізінші наурызбен.

Қарақат:

Бізді өсіріп баптаған
Жақсы болса шаттанған
Алтыным деп мақтаған
Айналайын ақ мамам.

Аяла:

Анашым, анам,
Ризамын саған.
Тілінді алам,
Ақылды болам..

Жүргізуші:

Ақ қар еріп, су көбейіп,
Сай-салаға толады,
Ағаш басы бүршік атып,
Гүл бәйшешек басады.
Балаларым айтыңдаршы бұл қай кезде болады? – көктем мезгілінде.

Көктем келеді. Балалармен амандасады.

Жүргізуші: Көктем, қош келдің, төрлет көктем! Біз сені көп күттік! Біздің

балалардың көктемнің алғашқы мерекесіне қалай дайындалғандарын
тамашала!

Мерекеге арналады бүгін билер,
Көтерілсін қанеки көңіл-күйлер.
Алдарыңызға қазір ұлдар биі,
Қол соғып демеу берер көрермендер!
Би «Ұлдар биі!»

Алуа:

Анамыздың түссе қабағы
Шаттанып мен күлмеймін
Өйткені мен анамнан
Жақын жанды білмеймін.

Муси:

Жарқын жүзді жан анам,
Сендей болсын әр адам.
Сендей болса бар адам,
Шаттық кетпес баладан.

Айша:

Аналарды сүйеміз,
Ақылын ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.

Абдрахман:

Ақ анашым, аппағым,
Өзің жайлы тақпағым
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрін де.

Айлин:

Ана пана,
Ана дана.
Өмірге әкелетін,
ана ғана.

Әбдикайм Муси:

Менің анам ардақты
Алтыннанда салмақты
Жақсы көріп баласын
Мәпелейді Анашым

Көктем:

Балалар сендер ойнауды жақсы көресіңдер ме? Егер сендер менің сұрақтарыма жауап берсеңдер мен сендерге ойын әкелдім, келісесіңдер ме? Балалар көктемде қандай өзгерістер болады? Көктем мезгілінде қай жақтан құстар ұшып келеді? Көктем мезгілінде ең алғашқы қандай гүл шығады? Дұрыс менің қолымда бәйшешек гүлдер, қазір мен бұл гүлдерді жерге бесеуін қоямын, музыка ойнайды сендер билейсіңдер, музыка тоқтағанда тез гүлді жерден алу керек, кім үлгермейді сол ойыннан шығады

Би: Қыздар биі

Алзира:

Бізді өсіріп баптаған
Жақсы болса шаттанған
Алтыным деп мақтаған
Айналайын ақ мамам

Али: Анашым, анам,
Ризамын саған.
Тілінді алам,
Ақылды болам..

Алихан: Ана пана,
Ана дана.
Өмірді әкелетін
Ана ғана.

Файз: Ақ мамамды әрқашан,
Сағынамын, сыйлаймын.
Мейрам сайын мен оған,
Түрлі сыйлық сыйлаймын.

Аяла: Менің әжем мейірман,
Мені жақсы көреді.
Қажетіне жарасам,
Жас балаша күледі.

Хансұлтан: Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз,
Ұландарды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

Жүргізуші: Шалқып тасып әніміз,
Жадырасын жанымыз.
Аналарды құттықтап,
Әндетеміз бәріміз.-Бүлдіршіндеріміздің орындауында «Ана» әнін
қабыл алыңыздар!

Ән: «Ана»

Би: «Флешмоб»

Жүргізуші: Ана деген – жарық жұлдыз шырағын,
Ана деген – қайнар ыстық бұлағың.
Ана деген – өмірдегі қамқорың,
Ана деген – сүйенерің, жан құрбым,-деп бүгінгі мерекемізді осымен
аяқтаймыз,келіп тамашалағандарыңызға көптен-көп рахмет!Дендеріңізге
саулық,сәбилеріңізге қуаныш,отбасыларыңызға бақыт тілейміз!Сау
болыңыздар